**«Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы» ШЖҚ КМК бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қызметкерлермен орталықтың комплаенс-офицері өткізген жиналыс хаттамасы.**

**Атырау қалысы** **5 наурыз 2024 жыл**

**Төрағасы:** У.М.Мухтарова– Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясының директоры.

**Хатшысы:** Д.Абдрахманова – Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясыныңзаңгері, комплаенс офицері.

**Қатысқандар:**

1.Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясының басшысы және барлық қызметкерлер;

**Күн тәртібі:**

**Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын түсіндіру**

«Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы» ШЖҚ КМК-ның қызметкерлері арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын түсіндіру жұмыстары және оқыту іс шаралары жөнінде жиналыс өткізілді.

2024 жылдың 5 наурыз күнгі сағат 14.00-де балалар санториясында, ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде қызметкерлермен жиналыс өткізілді, түсіндірме жұмыстарын Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы бойынша комплаенс офицері Д.Абдрахманова таныстырып айтап айтты. Әр түрлі мысалдар келтірілді.

Жиналыс барысында Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаторияның комплаенс офицері Д.Абдрахманова Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл туралы заңнамалырын баяндап оқыды: соның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққы қарсы саясат», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі нұсқаулық», «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже», «Мүделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат», «Корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі» сыбайлас жемқорлық субьектілерімен, таныстырып өтті.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:**

**-сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** - қызметті жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидаты. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты лауазымды адамдар және олар үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

**-басшылықтың бейілділігі** - басшылық сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерге ымырасыз қатынасы туралы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

**-қызметкерлерді тарту** - лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етіледі және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қат ісуын қолдайды;

**-жазаның бұлтартпастығы** - атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

**-заңдылық** -ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

**-тиісті сақтық** - іскерлік/еңбек қатынастары бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

**-өзара іс - қимыл және үйлестіру** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Жиналыс барысын қорытындылай келе орталықта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралан нығайту жөнінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын ұстанубір ауыздан мақұлданды.

Қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша түсіндіру қажеттілігінің маңызы зор екендігі жеткізілді.

**Шешім етті:**

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын болдырмау, үнемі жұмыстарын жүргізу.
2. Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясының қызметкерлеріне Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында қатаң қадағалау жүктеу.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын ұстану.

**Төраға:** **У. Мухтарова**

**Хатшы:** **Д. Абдрахманова**